


Қазақстан Республикасының  
Президентіне

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Сотының төрағасына

Қызылорда облыстық сотының  
төрағасына

Қызылорда қалалық сотының  
төрағасына

Кенжегараев Куанышбек  
Құдайбергеновичтен



### АРЫЗ

Мен Кенжегараев Куанышбек Құдайбергенович 2014 жылдың мамыр айында «Қыран» ЖШС-де қызмет атқару барысында менімен жазатайым оқиғасы болып, нәтижесінде деңгемнің 45 пайызы күйіп қалып, постжоговая гранулирующая рана правого локтевого и лучезапястного суставов. Приводящая рубцовая контрактура правого плечевого, локтевого, лучезапястного суставов, фаланг правой кисти. Постжоговые рубцы правой лопатки, правой верхней конечности, правой ушной раковины. Нарушение хватательной функции правой кисти. НФС 3-4 ст диагнозы қойылып, пайызben белгіленген жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 70 пайыз құрап отыр. Сонымен қатар, маған II-ші дәрежелі мүгедектік берілді.

«Қыран» ЖШС-мен 02.06.2014 жылы жазатайым оқиғасы туралы актіге сәйкес жұмыс берушінің кінесі 100 пайыз құрады.

Қызылорда облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаментіне бірнеше рет барғанымда, департамент қызметкерлері менің мүгедектігімді тағыда бірнеше жылға создырамыз және мені өмірлік мүгедектік тобына шығармаймыз деп айтуда.

Менің казіргі жағдайым өте ауыр және жағдайым қарашаның б-на дейін толығымен дұрысталып кетеді деп ойламаймын. Егерде менің күйіктің салдарынан алған дene жаракаттарымды көрсөніздер сенер едініздер. Ал Қызылорда қаласының бюрокттары менің жағдайымды еш түсінбестен, менің жаракаттарымды, денсаулығымды өз қолдарымен нашарлатып, ешқандайда тиісті ем қолданбай мүгектігімді II-ші топта қалдырып, тағыда бір жылға создырамыз деп алдын ала мәлімдеуде.

Оқиға болған кезден бастап, Қызылорда қаласының ауруханасында 1,5 ай, Алматы қаласының ауруханасында 1 ай, Қытай Республикасының ауруханасында 1

ай, Астана қаласының ауруханасында 1 ай жатып ем қабылдап, бірнеше рет отаулар (операциялар) жасаттым.

Наркоз арқылы бірнеше рет жасатқан отаулар (операция) қазіргі таңда менің денсаулығыма кері әсерін тигізуде. Атап айтқанда қабылдаған дәрі-дірмектер менің ішкі ағзаларыма, бауырыма, бүйрекіме, жүргегіме кері әсерін тигізіп, күндіз-тұні ауруым жанымды алғып отыр.

Мемлекет тарапынан аталған ем қабылдаулар мен отау (операция) жасау тегін болғанымен, жол шығындарына, қосымша емдерге, қосымша дәрі дәрмекке қаражат қажет.

Астана қаласының дәрігерлерлеріне кеңесуге барған кезінде маған 2015 жылдың мамыр айында қосымша 8 отау (операция) қажет деген кеңес берілді.

Бірақта жұғарыда айтылғандай менің денсаулығым мен ішкі ағзаларым отау жасағандықтан қосымша ем алуды қажет етеді.

Менің қазіргі таңда мүгедектікке байланысты алғып жүрген зейнетақым дәрі-дәрмекке қана жетіп отыр.

Шынымды айтсам Қызылорда қаласының, Алматы қаласының, Астана қаласының дәрігерлерінің есіктерін тоздырыдым. Қай жерге барсам да дәрігерлер маған нақты ешқандайда кеңес бермейді және ешқандайда ем жасамайды. Дәрігерлерге күнделікті 100 адам келіп кетендіктен, олар менің денсаулығыма ешқандайда мән бермей отыр. Жауаптары ертең кел, қолымыз тимей жатыр, емдейміз, көмектесеміз. Бірақ ешқандайда нәтиже жоқ.

Менің науқастығым жаныма батып бара жатыр. Тұнімен үйіктай алмаймын. Денем сырқыраї, ішкі ағзаларым ұдайы ауырып отырады, он қолым жұмыс істемейді. Өз бетімше жұмыс та істей алмаймын, күн сәулесі күйген жерлеріме де түссе жаныма батады.

Егерді саусағыңыздың ұшын ғана күйдіріп алсаңыз қандай халде болар едіңіз. Ал менің денемнің жартысы күйіп қалған.

Қазіргі кезде мен кімге барапымды және не істерімді білмей отырмын. Өз өзіме кол жұмсауға дайынбын, қиналғаным соншалықты.

Менің Қ.Кенжегараевтің тұрып жатқан баспанам да жоқ. Әркімнің үйінде қонып тұруға мәжбүр болып журмін.

Мүгедектігіме байланысты алғып жүрген жәрдем ақым 25.000 теңге құрап отыр және аталған қаржының барлығы мемлекет тарапынан басқа да қаржылай көмек көрсетілмегендіктен дәрі-дәрмекке жұмсалып отыр.

Аталған дene жарақаты «Қыран» ЖШС-де жұмыс атқарған кезімде алған болатынбын. «Қыран» ЖШС-не тиісті дәрі дәрмекке және емделуге қажетті қаражат сұрап бірнеше рет барғанымда, хатттар жазғанымда Қыран ЖШС-нің директоры Ж.Сыздықов көмек бере алмайтындығын айтқан болатын. Болмаған соң теледидарға шығуға да мәжбүр болдым. Алайда ешқандайда нәтиже болған жоқ.

Қыран ЖШС-нің директоры Ж.Сыздықов қайтадан барған кезімде, Ж.Сыздықов мені кабинетінен қуып шыққан болатын. Содан кейін мен мемлекеттік инспектор Ж.Жолдасбаевқа барып өз мәселемді шешіп беруді сұрадым. Осы күнге дейін менің мәселем шешілген жоқ.

Қазіргі таңда маған денсаулығымды қалпына келтіруге қаражат қажет болып отыр. Дене жарақаты Қыран ЖШС-де қызмет атқарған кезімде алынғандықтан басқа маған кім көмек көрсетеді.

Мен К.Кенжегараев жоғарыда көрсетілгендей Астана мен Алматы қаласының емханаларына бірнеше рет барып, оталар жасаттым. Алайда ешқандайда бір нәтиже болған емес. Керісінше менің денсаулығым күрт нашарлап кетті.

«Халықаралық дәрігерлік клиникасы Седжон Евразияның» кенесіне сәйкес маган Кореяның клиникасына барып отау жасату үшін маган шамамен 24.388 АҚШ доллары қажет. Ж.Сыздықовтан аталған соманы бірнеше рет сұрағанымен ешқандайда нәтиже жок.

Сондықтан «Қыран» ЖШС-нен менің пайдама денсаулығымды қалпына келтіру үшін денсаулыққа зақым келтіруден туындаған шығыстар 24.388 АҚШ доллары өндіру туралы талап кою арызымен жүгіндім.

Кызылорда қалалық сотының шешімімен талапкер Кенжегараев Куанышбек Кудайбергеновичтың жауапкер «Қыран» ЖШС-нен денсаулыққа келген зақымды қалпына келтіру үшін туындаған шығысты өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылып, жауапкер «Қыран» ЖШС-нен талапкер Кенжегараев Куанышбек Кудайбергеновичтың пайдасына 7 788 204 (жеті миллион жеті жүз секен сегіз мың екі жүз төрт) теңге өндірілді.

Аталған азаматтық іс Кызылорда қалалық сотының судьясы Райкулов Досымжан Муслимовичтің төрағалық етуімен қаралды.

**Судья Д.Райкулов аталған азаматтық істі жан жақты және объективті қарап, азаматтық іс бойынша барлық мән жайларды зерттеп талдап, тек қана еліміздің Конституциясы мен заңдарға сүйене отырып, барлығын әділ таразға сала отырып әділ шешім шығарған.**

Кызылорда қалалық сотының судьясы Д.Райкулов жас судья болғанымен, өзінің білікті әрі білімді өз қызметін білетіндей маман ретінде көрсетті. Азаматтық істі қарау барысында, судья Д.Райкуловтің бет әлпетінен немесе басқа да қымылдарынан, мимикасынан кеңесу белмесіне кеткенге дейін қандай шешім шығарылатыны белгісіз да болды. Осы аталған әрекетімен судья Д.Райкуловтің шынайы тәуелсіз елеміз Қазақстанның сот жүйесіне келешекте өзінің үлесін білімді әрі білікті маман ретінде қосатына барынша сенімдімін.

Сондықтан Сіздерге Кызылорда қалалық сотында осындай Досымжан Муслимович сияқты жас әрі білімді судья болғанына ризашылығымды білдіріп Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мейрамына қарсы ең жоғарғы дәрежедегі марапаттымен марапаттаулықызды сұраймын.

К.Кенжегараев

«12 » 12.2016 жыл